

**Н. Өмірзақов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы**

**Фылыми жетекшісі: А. С. Байзараев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының оқытушысы**

## **ГЕРМАНИЯ ЕЛІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУІНДЕГІ АҚШАЛАЙ ЖАЗА ШАРАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

Өздерінің іс жүргізулік міндеттерін орындаған қылмыстық іс жүргізудің қатысушиларына қатысты ақшалай жазаны (ҚР ҚДЖК 160 б.) қолдану мүмкіндігінін бар болуының өзі, кінәлі тұлғаға заң талаптарын бұзғаны үшін және ҚДЖК-де рұқсат етілмеген әрекеттерді жасағаны үшін қолданылатын айыппұл сипатындағы санкциясы болып табылады.

Ю.В.Францифировтың пікірінше, ақшалай жаза қылмыспен келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған іс жүргізулік мәжбүрлеу шараларына кіреді<sup>1</sup>. Бұл пікірмен біз келіспейміз, өйткені, заңнама ақшалай жазаның алдына мұндай мақсатты тұжырымдамайды. Оның қолданылуы қылмыстық іс жүргізудің қатысушиларымен өздеріне ҚДЖК –мен жүктелген міндеттерін бұзыумен және сот отырысында тәртіптің бұзылуымен уағдалынған. Қылмыспен келтірілген зиянға мұндай құқық бұзушылықтардың біреуі де байланысты емес және оларды өтеуді мүлде қамтамасыз ете алмайды.

Германияның заңнамасына сәйкес ақшалай жаза шарасы бірнеше мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Біріншіден, өзінің міндеттерін орындаған тұлғаны мүлкінен айыру мақсатында оған эсер етуді көздейді. Екіншіден, бұл санкция баламалы мақсаттарды көздейді, яғни, іс жүргізуге қатысатын қандай да бір тұлғаның өзіне жүктелетін міндеттерге мұқият карауын, оларды құрметтеуін болжайды. Сонымен катар, бұл шарадан іс жүргізуге қатысуы мүмкін тұлғаларға кейінгі құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында баламалы түрде

әсер етуі қажет етіледі. Сонымен, ақшалай жазаның «міндеттерін орындау туралы ұзак мерзімді еске салушылық» қызметін ескере отырып, бұл шара орын алған құқық бұзушылыққа қарсы қандай да болмасын нысанда әсер етуге кепіл беруі керек<sup>2</sup>.

Салыстырмалы тұрғыда қарағанда, КР ҚІЖК-де көрсетілген міндеттерді орындағаны үшін ақшалай жазаны қолдану қауіп-қатері, қылмыстық іс жүргізуге қатысуышыларының заңсыз әрекеттеріне бөгетші құралы болып табылады. Бұл қауіп-қатер, іс жүргізудің қатысуышыларына болашақта орын алуы мүмкін процессуалдық құқық бұзушылықтарын ескертеді, қылмыстық істің жүргізілуіне зиян келтіретін жағдайлардың алдын алады. Осылан байланысты, іс жүргізудің қатысуышыларына олардың міндеттерін уақытылы түсіндіру және ол міндеттерді орындаған жағдайда әсерлі зардаптың болатындығы туралы хабардар ету маңызды роль атқаратындығын мойындау қажет. Сонымен қатар, оларға (заңмен қарастырылған жағдайда) ақшалай жаза қолданылу мүмкін екендігі де ескертілу тиіс.

Осыдан, Германия мен Қазақстан заңнамаларының ақшалай жазаның мәні мен тағайындалуына қатысты қисындары ұқсас екендігі байқалады. Бірақ, бір жағдай ерекшеленеді. Яғни, Германияда қылмыстық іс жүргізуі органның шақыртуы бойынша келмеген куәга мәжбүрлеп алып келуді және ақшалай жазаны қолданумен қатар, куәнің келмеуіне байланысты пайда болған шығындарды куәдан өтеттіру шарасы қарастырылған. Сонымен қатар, тергеу әрекеттеріне кедергі келтірген кез-келген тұлғаны уақытша ұстau да заңнамамен реттелген (бірақ, ұсталған адам келесі тәуліктің басталуына дейін босатылуы тиіс)<sup>3</sup>. Мәселен, сотқа іс бойынша шақыртылған куә өзінің іс жүргізуік міндеттерін орындаған жағдайда, оған төрағалық етуші алты айға дейін қамауға алу шарасын қолдана алады<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> Кар.: Францифиров Ю. В. Противоречия уголовного процесса. — М., 2006. — С. 122.

<sup>2</sup> Кар.: Г. Хайне. Ответственность в немецком административном праве. Проблемы реформации // Уголовное право. — № 1. — М., 2001. — 99-101-б.

<sup>3</sup> Кар.: Столмаков А. И. Единство прав и обязанностей граждан — участников уголовного процесса // Правоведение. — №4. — М., 1985. — 81-86-б.

<sup>4</sup> Кар.: Калиновский К. Б. Уголовный процесс современных зарубежных государств. Оқу құралы. — Петрозаводск. 2000. — 48-б.